Ж.ТП.Э - 11 - 03



## Абай жолы>> роман - эпопеясындағы ұлттық өнеге

«Абай жолы>> роман-эпопедсындағы ұлттық өнеге. Қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шығару шыңына шықты. Әуезов өзінің төрт том «Абай жолы>> арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді-өз отандастарына, керек десеңіз тіпті-қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Дәйірек айтсақ, қазақ халқының ұлы ағын-оның өткен өмірін-тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм шығармашылық дәуірлерді ғажап көркемдік күшпен жарқыратып, ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді. Адамзаттың арғы бергі тарихында қоғам өмірімен, жасалумен бірге жасайтын тұғырлы тұлғалар көп болған. Мұған мысал деректі алыс-жақын елдер тәжірибесіне, нақтырақ айтсақ қазақ топтарындағы ұлттық шақтанышымыз «Әлемнің Әуезові>> атанған ұлы Мұқан.- Мұхтар Әуезов те осындай тұлғалардың биік шоқтығынан берік орын алған. Қарындағы суреткер жазушы М. Әуезовтың «Абай жолы>> роман эпопеясы халық тағдырының жарқын көрінісі, нағыз ұлттық құбылыс. Әйгілі романда зерттеп, таңдана құнарлы пікір айтқан зерттеушілер қазақ әдебиеттану ғылымында көп. Әйтседе романның сыр-сипатын әр қырынан тексеретін зерттеулерді ұзақ талабы ұсынып өткен академик М. Қаратаев сияқты ғалымдар айтып кеткен. Академик З. Қабдолов «М. Әуезов «Абай жолы>> арқылы қазақтардың өзіне қазақ дегендерінің кім екендігін танытты>>, деп жазды. Абай жолы - Мұхтардың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы-қазақ халқының тұңғыш эпопеясы. Дәстүрлі ұлттық өнеге, тәлім-тәрбие-халық педогогикасының негізі. Ол өткен қоғамдық өмірдің сатысына ортақ. Халық педогогикасының халықтың рухани өмірінің жиынтығы. Ересек ұрпақтардың өмір үшін күресі-кейінгі ұрпақ үшін өшпейтін үлкен тәрбие мектебі. Халық педагогикасында ұлттық мінездің ерекшеліктері, қалыптасқан салт-дәстүрлері, асыл ойлары мен адамгершілік идеялары танылды. «Абай жолы>> роман-эпопедясындағы ананың баланы тәрбиелеудегі қызметке назар аударсақ, Ұлжанмен Зере бейнесі оқырманның зейін-зердесін шықтап тұжырымдалады. Абайдың адамгершілік ой-санасының өсіп халықтың қалауы азаматы болуына анасы Ұлжан мен Зере әжесінің Абай бойына жастан дарытқан тәлімі мол. Аналары Абайды адамгершілікке, әділеттілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелей білді. Отбасындағы басты тәрбиеші ата-ана. Әсіресе, ана балаға өмір сыйлаумен ғана жақын емес, ол өзінің тәжірибесін, бар білгенін туған күнен бастап баласына сіңіруге жұмсайды.